

**Мәслихаттың 2021 жылғы 20 мамырдағы № 34 "Қостанай облысы Арқалық қаласы Молодежный ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2022 жылғы 10 қазандағы № 161 шешімі. Жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2023 жылғы 5 қазандағы № 48 шешімімен

**Ескерту. Жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 05.10.2023 № 48 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Арқалық қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Арқалық қаласы Молодежный ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2021 жылғы 20 мамырдағы № 34 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін: тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Арқалық қаласы Молодежный ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы*

*Г. Елтебаева*

Мәслихаттың  
2022 жылғы 10 қазандағы  
№ 161 шешіміне  
қосымша  
Мәслихаттың  
2021 жылғы 20 мамырдағы  
№ 34 шешіміне  
2-қосымша

**Қостанай облысы Арқалық қаласы Молодежный ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Көшенің атауы	Ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Молодежный ауылының тұрғындары үшін	15
Набережная көшесі	3
Дуванов көшесі	3
Степная көшесі	3
Молодежная көшесі	3
Юбилейная көшесі	1
Майкүтов көшесі	2
Матросов ауылының тұрғындары үшін	9
Матросов көшесі	3
Набережная көшесі	3
Степная көшесі	3
Барлығы	24

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК